

ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Orzax Group басқарма төрағасы Селман Алимоғлыны қабылдады



Әлемдегі биологиялық белсенді қоспалар нарығында көшбасшылардың бірі саналатын компания басшылығымен кездесуде бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселесі қарастырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Orzax Group компаниясының Түркістан облысында биологиялық белсенді қоспалар өндіретін зауыт салу шешіміне қолдау білдіріп, бұл бастама отандық фармацевтика саласын өртартапандыруға және еліміздің экспорттық әлеуетін арттыруға елеулі үлес қосатынын атап өтті.

Өз кезегінде Селман Алимоғлы компанияның Қазақстанда өндірістік базаны кеңейтумен ғана шектелмей, ғылыми-зерттеу және инновация бағыттарын да дамытуға ниетті екенін жеткізді.

Бүгінгі таңда Orzax Group биологиялық белсенді қоспалардың 150 түрін өндіріп, әлемнің 60 еліне экспорттайды. Қазақстандағы өндіріс жобасына компания 40 миллион доллар инвестиция құйып, 500 адамды тұрақты жұмыспен қамтуды жоспарлап отыр.

ortcom.kz

ҮКІМЕТ

Үкіметте агроөнеркәсіптік жобаларды қолдау жолдары қаралды



Үкіметте Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярдың төрағалығымен Инвестициялар тарту жөніндегі кеңестің отырысы өтті, оның барысында, сондай-ақ, агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мәселелері де қаралды, делінген хабарламада.

Кеңес барысында ауыл шаруашылығы саласындағы екі ірі жобаға қатысты инвестициялық келісімдердің басты шарттары бекітілді.

Бірінші жоба аясында түркиялық Tiyaki Agro компаниясы астықты терең өңдейтін кешен салмақ. Жобаның өндірістік қуаты жылына 250 мың тонна бидай және 80 мың тонна бұршақ өнімін өңдеу. Жалпы инвестиция көлемі 160 миллиард теңгені құрайды.

Екінші жоба түріктің YDA Group компаниясының қатысуымен тыңайтқыштар мен пестицидтер өндіретін агрохимиялық зауыт салу. Бұл өндіріс орны жылына 150 мың тонна өнім шығаруға қауқарлы. Жобаның құны 168 миллиард теңге.

Аталған екі бастама ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуді дамытуға, импортты алмастыруға, азық-түлік қауіпсіздігін күшейтуге және жоғары қосылған құны бар өнімдер үлесін арттыруға бағытталған.

Сонымен қатар, инвестициялық штаб елдегі инвестициялық ахуалды жақсарту бағытындағы жүйелі жұмысты жалғастырып келеді. Басты назар заңнаманы жетілдіру, өкімшілік кедергілерді азайту және басым салалардағы инвестициялық жобалар үшін тұрақты әрі қолайлы жағдай қалыптастыру.

ortcom.kz

ПАРЛАМЕНТ

Сенатор Ғалиасқар Сарыбаев ұлттық қауіпсіздік саласындағы кадр даярлау жүйесін дамытуды талқылады



ҚР Парламенті Сенатының депутаты Ғалиасқар Сарыбаев Ұлттық қауіпсіздік комитетінің академиясында болды. Онда үміткерлерді іріктеу рәсімдерімен, қызметкерлерді даярлау мен қайта даярлау жөніндегі білім беру бағдарламасымен, тәрбие жұмысы және академияның материалдық-техникалық базасымен танысты.

Кездесу барысында заманауи білім беру технологиясын енгізуге, курсанттардың талдау тұрғысында ойлау қабілетін дамытуға, ақпарат қауіпсіздігі және гибрид қатерлерге қарсы іс-қимыл саласында маман даярлауға ерекше назар аударылды.

Академия басшылығымен және оқытушыларымен кездесу барысында кадр даярлау ісін жетілдіру, ғылыми құрамды күшейту және келешекте қауіпсіздік саласындағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейту туралы сөз болды.

senate.parlam.kz

Үзінді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Көп балалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

2. Алты бала туып, тәрбиеленгені үшін мына аналар «Күміс алқа» алқасымен наградталсын:

Ақмола облысы бойынша

Абуталипова Анаргүл Елеусизовна – үй шаруасында, Зеренді ауданы

Әнигүл – үй шаруасында, Зеренді ауданы
Хинаят Гулжаукар – үй шаруасында, Зеренді ауданы

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев
Астана, Ақорда,
2025 жылғы 13 маусым № 908

Аудан әкімдігінде

Жұмыс тиімділігін жоғарылату



Аудан әкімі Әсет Құрманғожин әкімдіктің мәжілісін өткізіп, онда келесі мәселелер қаралды: 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қаражатты игеруі туралы. 2025-2026 жылдардағы жылу беру кезеңіне дайындық барысы туралы. Эпизоотияға қарсы және ветеринариялық-санитариялық шаралар кешенін жүргізу барысы туралы. Аудандағы «сібір жарасы» қорымдарын анықтау және заңдастыру туралы.

Жиын алдында аудан басшысы қатысушыларды ағымдағы жылдың 13 шілдесінде өткен үш ауылдық округтің – Сәкен Сейфуллин, Троицк және Алексеевка ауылының әкімдерін сайлау нәтижесінде орын алған кадрлық өзгерістермен атап айтқанда жаңадан сайланған – Бейбіт Әділхановпен, Бауыржан Жолданғармен және Қайрат Алхатовпен таныстырды.

Сондай-ақ, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» АҚ Ақмола облысы бойынша филиалы директорының бұйрығымен ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап Әсем Мұханбетова Ақмола облысы филиалының Зеренді аудандық бөлімінің басшысы болып тағайындалған.

Сайланып, тағайындалған қызметкерлерді құттықтап, халық игілігі үшін жемісті еңбек етулеріне тілектестігін білдірген Әсет Асылбекұлы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға көшті.

Бірінші – 2025 жылдың бірінші жартыжылдығындағы бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің әлеуметтік-экономикалық даму және қаражатты игеру қорытындылары туралы – экономика және қаржы бөлімінің басшысы Айнагүл Камиева ақпарат берді.

Ауданның бас экономисінің баяндамасы қазіргі уақытта экономиканың, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының, кәсіпкерлік пен әлеуметтік саланың жай-күйін сипаттайтын нақты деректерден тұрды. Мәселен, тұрмыстық секторды есепке алғанда өнеркәсіп өнімінің көлемі 2024 жылдың кезеңіне 150,8 пайызды құрады. «Алтынтау Көкшетау» ЖШС өнімін есептемегенде ауданның өнеркәсіп өнімінің көлемі 74,2 пайызға тең болды.

Облыстағы өнеркәсіп өндірісінің құрылымында Зеренді ауданының үлесі 27,6 пайызды құрайды. 2025 жылдың қаңтар-маусым айларында қаржылық емес сектор кәсіпорындары 325 273,7 млн теңгенің өнеркәсіп өнімін өндірді немесе өткен жылдың сәйкес кезеңінен 152,6% құрады. Индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы аясындағы жобаларды жүзеге асыру жалғасуда.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі өткен жылдың кезеңімен салыстырғанда 126,1 пайызды құрады. Осы кезеңге 8086,1 тонна ет (115,5%), 203,1 тонна сүт (91,7%), 4123,0 мың дана жұмыртқа (100,3%) өндірілді.

Аудан әкімі Әсет Құрманғожин әкімдіктің мәжілісін өткізіп, онда келесі мәселелер қаралды: 2025 жылдың бірінші жартыжылдығындағы бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің әлеуметтік-экономикалық даму және қаражатты игеру қорытындылары туралы – экономика және қаржы бөлімінің басшысы Айнагүл Камиева ақпарат берді.

Ауданның бас экономисінің баяндамасы қазіргі уақытта экономиканың, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының, кәсіпкерлік пен әлеуметтік саланың жай-күйін сипаттайтын нақты деректерден тұрды. Мәселен, тұрмыстық секторды есепке алғанда өнеркәсіп өнімінің көлемі 2024 жылдың кезеңіне 150,8 пайызды құрады. «Алтынтау Көкшетау» ЖШС өнімін есептемегенде ауданның өнеркәсіп өнімінің көлемі 74,2 пайызға тең болды.

Облыстағы өнеркәсіп өндірісінің құрылымында Зеренді ауданының үлесі 27,6 пайызды құрайды. 2025 жылдың қаңтар-маусым айларында қаржылық емес сектор кәсіпорындары 325 273,7 млн теңгенің өнеркәсіп өнімін өндірді немесе өткен жылдың сәйкес кезеңінен 152,6% құрады. Индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы аясындағы жобаларды жүзеге асыру жалғасуда.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі өткен жылдың кезеңімен салыстырғанда 126,1 пайызды құрады. Осы кезеңге 8086,1 тонна ет (115,5%), 203,1 тонна сүт (91,7%), 4123,0 мың дана жұмыртқа (100,3%) өндірілді.

Аудан әкімі Әсет Құрманғожин әкімдіктің мәжілісін өткізіп, онда келесі мәселелер қаралды: 2025 жылдың бірінші жартыжылдығындағы бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің әлеуметтік-экономикалық даму және қаражатты игеру қорытындылары туралы – экономика және қаржы бөлімінің басшысы Айнагүл Камиева ақпарат берді.

Ауданның бас экономисінің баяндамасы қазіргі уақытта экономиканың, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының, кәсіпкерлік пен әлеуметтік саланың жай-күйін сипаттайтын нақты деректерден тұрды. Мәселен, тұрмыстық секторды есепке алғанда өнеркәсіп өнімінің көлемі 2024 жылдың кезеңіне 150,8 пайызды құрады. «Алтынтау Көкшетау» ЖШС өнімін есептемегенде ауданның өнеркәсіп өнімінің көлемі 74,2 пайызға тең болды.

Облыстағы өнеркәсіп өндірісінің құрылымында Зеренді ауданының үлесі 27,6 пайызды құрайды. 2025 жылдың қаңтар-маусым айларында қаржылық емес сектор кәсіпорындары 325 273,7 млн теңгенің өнеркәсіп өнімін өндірді немесе өткен жылдың сәйкес кезеңінен 152,6% құрады. Индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы аясындағы жобаларды жүзеге асыру жалғасуда.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі өткен жылдың кезеңімен салыстырғанда 126,1 пайызды құрады. Осы кезеңге 8086,1 тонна ет (115,5%), 203,1 тонна сүт (91,7%), 4123,0 мың дана жұмыртқа (100,3%) өндірілді.

Ұсақ мал жылқы, шошқа санының өсуі, ірі қара мен құстың азаюы байқалады.

Зеренді ауданының көлік инфрақұрылымын жақсарту мақсатында 11 жоба: 8-і орташа, 2-і ағымдағы жол жөндеу, сондай-ақ аудан тұрғындарын орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз етуді жақсартуға бағытталған 17 жоба жүзеге асырылуда. Әлеуметтік салада да тұрақты жағдай байқалауда.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, тұрғын үй инспекциясы, жолаушылар келігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Виктор Рукавишников алдағы жылыту маусымына дайындық барысы туралы баяндады. Атап айтқанда, жылумен жабдықтау кездерін зерттеу негізінде «Зеренда Сервис» кәсіпорнының басшылығы жылу және сумен жабдықтау нысандарының жазғы жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының, оларды 2025-2026 жылдардағы қысқы кезеңге пайдалануға дайындаудың жоспарын ұсынып, оның аясында қазандықтар мен су құбыры желілерінде жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Аудандық ветеринариялық станциясының директоры Көнжеболат Жанаев эпизоотияға қарсы және ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар кешенінің орындалуы, аудан аумағындағы «сібір жарасы» қорымдарын анықтау және заңдастыру туралы баяндады. Оның мәліметіне сәйкес бірінші жартыжылдыққа жоспарланған ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралар орындалған, диагностикалық тексерілген малдардың жалпы санынан бруцеллезге оң бейімдік көрсеткен 27 бас ірі қара және 15 бас ұсақ мал анықталған. II жартыжылдықта малды егу және бірдейлендіру жұмыстары жалғасын табады.

Қаралған мәселелер бойынша жан-жақты талқылаудан кейін ескертулер мен ұсыныстар ескеріліп, өкімдіктің қаулылары қабылданды.

Мәжілістің жалғасында қатысушылар ағымдағы мәселелерді қарады.

Өз ақпаратымыздан.

Елімізде 700-ге жуық мектеп кітапханасы жөндеуден өтеді

Шағын қалалар мен аудан орталықтарында және елді-мекендерде 1000 мектепті жаңғырту жұмыстары жалғасуда. Ол қала мен ауыл арасындағы алшақтықты азайтуға, балалардың оқу мен тәрбиесіне жайлы жағдай жасауға, мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға бағытталған жеті негізгі бағытты қамтиды. Осы жұмыстар аясында 2025 жылы 700-ге жуық мектеп кітапханасы жөндеуден өтеді. Бұл шама-

мен 300 мың балаға заманауи және қолайлы кітапхана кеңістігін пайдалануға мүмкіндік береді, деп хабарлайды ҚР Оқу-ағарту министрлігі.

Мектептерде кітаптарды автоматты түрде есепке алатын және жедел іздейтін RFID технологиясын енгізілуде, ал 20-дан астам кітапханада сканерлеуші роботтар жұмыс жасайды. 2023 жылдан бастап «Балалар кітапханасы» жобасы аясында мектеп кітапханаларының қоры 1,6 миллион

дана көркем әдебиетпен толықты. Бүгінде жалпы кітап қоры 141 миллион данадан асады.

Кадр даярлауға ерекше көңіл бөлінуде: тек 2024 жылы 1 775 мектеп кітапханашысы біліктілікті арттыру курстарынан өтті, ал 2025 жылы оқу жалғасады. Бұл — мектеп кітапханаларын балалар үшін шынайы білім мен қарым-қатынас орталығына айналдыру жолындағы маңызды қадам.

ortcom.kz